

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

2025 жылғы 7 наурыз

№ AIFC-C/CFI/2025/0005 ic

АОМ SDF I B.V. Жауапкершілігі шектеулі жабық акционерлік компания

Талап қоюшы

қарсы

«ECO PRODUCT COMPANY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот судьясы:

Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2025 жылғы 26 ақпандағы талап арызының нысанына сәйкес Талап қоюшы Сотқа 2024 жылғы 4 қарашадағы, Халықаралық төрелік орталығының №7/2023 төрелік ісі бойынша 2024 жылғы 4 сәуірдегі Халықаралық төрелік орталығының Төрағасы Томас Крюммель мырзаның хаты негізінде тағайындалған жалғыз төреші Роман Зыков мырза қабылдаған Төрелік шешімнің 79-тармағында көрсетілген шараларды тану және орындау туралы Бұйрық шығару туралы өтінішпен жүгінді.
2. Төрелік шешімді зерделей отырып, мен өтініш негізді деген қорытындыға келдім. Осыған байланысты, мен бұйрық етемін, Талап қоюшының:
 - 1) «ECO Product Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен AOM SDF I B.V. пайдасына қарыз шарты бойынша берешек сомасы ретінде 335 420 001,05 (үш жүз отыз бес миллион төрт жүз жиырма мың бір теңге бес тиын) теңгені өндіріп алу құқығы бар;
 - 2) «ECO Product Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен AOM SDF I B.V. пайдасына төрешінің гонорары ретінде 500 000 (бес жүз мың) теңгені өндіріп алу құқығы бар;
3. Жауапкерге осы Бұйрықты алған күннен бастап 14 күн ішінде оны жою туралы өтініш беру құқығы беріледі.
4. Осы Бұйрық (а) жоғарыдағы 3-тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін немесе (b) Жауапкер осы мерзім ішінде берген кез келген өтініш толық қаралып, түпкілікті шешім қабылданғанға дейін (қайсысы кейінірек болса) орындалуға жатпайды.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Фолкс КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы атынан г-н Мурат Ахметов, AOM SDF B.V. компаниясының инвестициялық қызмет жөніндегі заң кеңесшісі Астана қ., Қазақстан Республикасы өкілдік етті.

Жауапкер өкілдік етілген жоқ.